

«Қ.Әбдәлиев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

Хаттама № 01

Рабат ауылы

31.08.2021ж.

Педагогикалық кеңес мәжілісі

Төрағасы – Е.Оспанов

Хатшысы – Г.Мырзахмедова

Қатысқандар – 68 адам

Күн тәртібінде:

1. Өткен 2020-2021 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмыстарының қорытындылары мен ҰБТ нәтижелеріне талдау және жаңа 2021-2022 оқу жылындағы мақсат-міндеттер туралы.
2. Жаңа 2021-2022 оқу жылына арналған жылдық өндірістік жоспарды және оқу жоспарының вариативті бөлігі бойынша оқушы, мектеп компоненттері бойынша курстарын таңдау, мектептің жаңа 2021-2022 оқу жылына арналған оқу жоспарын бекіту.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директорының оқу ісі бойынша орынбасары С.Нуржанов хабарлама жасады. Ол өткен оқу жылындағы оқушылар қозғалысына, білім сапасына тоқталып өтті. Атап айтқанда: өткен оқу жылының басында 649 оқушымен бастап жыл соңындағы оқушы саны 646 болғанын, көрсетілген деректер НОБД базасымен сәйкестендіріліп отырылғанын атап өтті.

«Қ.Әбдәлиев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің педұжымы ҚР Білім туралы заңының және басқа да тиісті актілер мен мектеп жарғысының талаптарына сәйкес білім беру бағдарламаларын іске асыратын, білім алушылардың тәрбие алуын қамтамасыз ететін заңды тұлға ретінде үш сатылы жалпы орта білім беру қызметін жүзеге асыра отырып, өткен 2020-2021 оқу жылында төмендегідей тиісті оқу-тәрбие жұмыстарын атқарды:

Бірінші кезекте ҚР Конституциясының 30- бабы мен ҚР Білім туралы заңының талаптарын орындауға ерекше назар аударылып, оқу жылының барысында Рабат ауыл округі әкімінің 21.07.1999 ж. №2 шешімімен бекітілген көшелер бойынша құрылған 19 шағын аудандарға жауапты бақылаушы мұғалімдер жоспарлы түрде 0-5, 6-17 жастағы балалар есебін ала отырып, оқушылар қозғалысы тұрақты бақылауға алынды. Жоспарлы жұмыстар нәтижесінде бекітілген шағын аудандар бойынша мектеп жасындағы мектепке тартылмаған балалар қалмауы толық қамтамасыз етілді. Шағын аудандар бойынша үш оқушы, Ақжолтай Қарақат 6-сыныпта, Бақыт Азамат, Мажитов Жолдыбай 4-сыныпта, үйде оқытуға қамтылған.

Сонымен қатар, өткен 2020-2021 оқу жылы барысында қыркүйек айынан бастап бастауыш сыныптар оқушы саны 15-тен аспайтын кезекші топтарда оқытылса, 5-11 сыныптарды қашықтан оқыту ұйымдастырылды. Ал 2021 жылдың қаңтар айынан бастап 1-4, 5,9,11 сыныптар кезекші топтарда, өткен оқу жылының сәуір айынан бастап барлық сыныптар СЭС талаптарын сақтай отырып 25 баладан аспайтын сыныптарда «Бір сынып-бір кабинет» қағидаты бойынша аралас форматта оқытылды. Оқу жылы барысында әр

тоқсандағы білім сапасы 1-ші тоқсанда 49,7% , 2-ші тоқсанда 46,1% , 3-ші тоқсанда 48,2%, жылдық қортынды 52,5% болғанын ескерсек (өткен оқу жылында 54% болған) пандемия кезеңінде онлайн режимінде оқытудың өзінің кері әсерін тигізгені байқалды. Білім сапасындағы олқылықтардың орнын толтыру үшін ата-аналардың өтінішіне сәйкес жазғы мектеп ұйымдастырылып оған оқу жылы барысында онлайн форматта оқытылған 5-8,10 сыныптағы 105 оқушы 19 маусымға дейін жазғы мектепке тартылды. Сонымен қатар мұғалімдердің АКТ құзыреттілігін арттыру мақсатында біршама жұмыстар атқарылды. Оқушыларды планшеттер, ноутбуктер мен компьютерлермен қамтамасыз ету бағытында жұмыстар атқарылып әлеуметтік мәртебеге ие отбасы балаларының білім алуына қолайлы жағдай жасау мақсатында **Республикалық бюджеттен** 7-планшет, 50-ноутбук, 7-компьютер алынып ата – аналарға келісім шарт негізінде уақытша мерзімге пайдалануға берілді.

2020-2021 оқу жылында мектебіміздің оқушылары Халықаралық интеллектуалдық зияткерлік олимпиадасынан 9-сыныптар арасында «IQanat» - республикалық олимпиадасының аудандық іріктеу турына 16 оқушы қатысып, 6 оқушы облыстық кезеңге жолдама алса, 6 оқушының екеуі жеңімпаз болып республикалық турға жолдама алды.

8-ші сыныптар бойынша «IQanat» -республикалық олимпиадасының аудандық іріктеу турына қатысқан екі оқушының біреуі облыстық кезеңге жолдама алды;

Оқушылар арасында Аймақтық пәндер олимпиадасына қатысқан 27 оқушының 13-і аудандық кезеңге жолдама алып 5 оқушы жеңімпаз атанды.

«Алтын ұрпақ» зияткерлік сайысына 2-11 сынып оқушылары қатысып оның ішінде 59 оқушы, «Бәйтерек» зияткерлік сайысына қатысқан оқушылардың 31-і жүлдегер атанды.

Халықаралық «Русский медвежонок -2021» ойынына қатысқа 5 оқушы жүлдегер болып 1-орынға ие болса, «Ой-сана» республикалық зияткерлік олимпиадасына қатысқан 5-ші сынып оқушыларының 10-ы жүлдегер атанды..

Тәрбие саласы бойынша жоспарланған жұмыстар, санитарлық талаптарға сай жүргізілуде. Қазақстан Тәуелсіздігінің құндылықтарын насихаттау, оқушылардың өз Отанына деген сүйіспеншілігін арттыру, оқушылар бойындағы адами құндылықтарды, шығармашылықтарын дамыту, танымдық қабілеттерін арттыру, Еліміздің құндылықтарын таныту, құқық бұзушылықтың алдын алу, даталы күндерді, мерекелік күндерді атап өту бағытында түрлі іс-шаралар, апталықтар, кездесулер, көрмелер, челленджер, ұымдастырылып өткізілді. Атап айтқанда «Кәсіптік бағдар беру» жұмыстары бойынша, Ұлы Жеңістің 75 жылдығына, Ұлы Абайдың 175 жылдығы, Әл-Фарабидің 1150 жылдығы, ҚР Конституциясының 25 жылдығына, Қарттар күніне, Дүниежүзілік балалар күніне, ҚР Тұңғыш Президенті күніне", «10 желтоқсан - құқық күніне» "16- желтоқсан - Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік" мерекесіне, Кеңес әскерлерінің ауған жерінен шығарылғанына 32 жыл толуына, ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына, Дүниежүзілік Азаматтық қорғаныс күніне, Жамбыл Жабаевтың 175 жылдығына, "1 наурыз - Алғыс айту күніне", 8-наурыз халықаралық әйелдер күні мерекесіне, Наурыз мерекесіне, 12 сәуір - ғарышкерлер күніне орай ауқымды іс-шаралар өткізілді.

Сонымен қатар оқу жылы барысында кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында " Жасөспірім" іс-шарасы аясында мұғалімдері арасынан кезекшілік ұйымдастырылып көшелерге, адамдар көп шоғырланатын орындарға, ойынханалар мен дүкен, кафелерде оқушылардың жүруін қадағалау мақсатында түнгі рейдтер жүргізіліп отырады. Оқушылармен құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында аудандық ішкі істер бөлімінің қызметкерлерімен,

әкімшілік, ата-аналар комитеті мүшелерімен, орталық аурухана қызметкерлерімен бірлескен онлайн кездесулер өткізіліп түсіндірме жұмыстары жүргізіліп отырды.

Сонымен қатар мектепоқушыларына сыбайластық жемқорлықтың алдын алу мәдениетін қалыптастыру бағытында да біршама жұмыстар атқарылды. Атап айтқанда:

Мектепте «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын күшейту және жауапты тұлғаларды бекіту туралы бұйрық шығарылып, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу, анықтау және жолын кесу бойынша іс-шара жоспары түзіліп, бекітілді;

Қыркүйек айында Құқықтық тәрбиелеуде және құқық бұзушылықтың алдын алу мәдениетін, соның ішінде сыбайластық жемқорлық қалыптастырудағы отбасының рөлі туралы ата-аналар жиналысында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Ата аналарға оқушыларға сыйлықтар мен жүлделер сатып алуға, білім мекемесінде тыйым салынатыны туралы ескертілді;

«Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубы жұмысын жалғастыру мақсатында 9-11 сынып оқушыларынан жасақталған еріктілер тобы қайта құрылып, клуб жоспары түзілген.

Мектепте ақпараттың ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында 144 сымытетігі дәліздерге ілінген;

Түзілген жоспарға сай Қазан айында «Жемқорлық құқықбұзушылықтың картасы» онлайн жобалар байқауы өткізіліп, байқау жеңімпазы болып 9 ә сынып оқушысы Әлқадір Мерей атанды.

Желтоқсан айында «Ақиқат»дебат клубының жетекшісі Пазылова Сандуғаш 9-11 сынып оқушылары арасында «Сыбайлас жемқорлықсыз мемлекет» атты дебат, **Ақпан айында** «Жастар сыбайлас жемқорлыққа қарсы!», «Елдің болашағы – жас ұрпақтың қолында!» атты плакаттар байқауы өткізіліп, жеңімпаздар анықталды.

Ақпан айында 9-11 сыныптарда «Адал ұрпақ-ертеңгі ел болашағы» атты тәрбие сабақтары өткізіліп, сабақта «Адал ұрпақ»еріктілер клубы мүшелеріне «**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – әрбір азаматтың міндеті**» тақырыбындаслайд көрсетілімімен түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Наурыз айында «Мен, Сыбайлас жемқорлыққа қарсымын» тақырыбында 10 сыныпта ашық тәрбие сабағын онлайн өткізілді. Сынып жетекші Орынбаева Жазира«Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлық туралы Заңы», «Сыбайластықты туғызушы факторлар, олардың өзектілігі және алдын-алу шаралары» туралы баяндама оқып, бейнеролик көрсетілді;

Наурыз айында «Адал ұрпақ»клубы мүшелерімен, 9-11 сынып оқушыларымен «Біздің таңдауымыз -Заңды мемлекет» атты дөңгелек үстел өткізілді;

Наурыз айында А. Байтұрсыновтың «Адалдық пен білім диханшысы» атты адалдық сағаты өткізілді. Оқушыларға қашықтықтан бейнеролик көрсетіліп адамгершілік туралы түсіндірілді;

16.04.2021ж күні Республикалық «Жемқорлыққа жол жоқ!» газетінің журналисі Әділбек Санжармен онлайн кездесу өткізілді. Кездесуге «Адал ұрпақ» еріктілер клубы мүшелері, 11 сынып оқушылары қатысып сыбайластық, жемқорлық, және олардың алдын алу бойынша елімізде атқарылып жатқан шаралары туралы сөз қозғалды.

Сонымен қатар спорттық жарыстарға қатысқан бокстан Тараз қаласында өткен жасөспірімдер арасында халықаралық турнирде 10 сынып оқушымыз Шахар Руслан 1-ші орынды, Бекзат Саттархановты еске алуға арналған халықаралық турнирде 64 кг салмақта 3-ші орынды иеленді;

Күрестен Жаркент қаласында өткен жасөспірімдер арасында өткен Қазақстан Республикасы біріншілігінде 9-шы сынып оқушымыз Ләсім Ердәулет 52 кг салмақта 1-ші орынды иеленіп Республика чемпионы атанды;

Күрестен Арал қаласында өткен Қазақстан Республикалық біріншілікте 6-шы сынып оқушымыз Әлқадыр Аслан 35 кг салмақта 1-ші орынды иеленіп чемпион атанды;

Күрестен 8-ші сынып оқушысы Юсупов Жандос Түркістан қаласында өткен облыстық чемпионатқа қатысып, 41 кг салмақта 1-ші орынды иеленіп облыс чемпионы болды;

Сонымен қатар коронавирустық инфекцияның таралуының алдын алу мақсатында мектепте біршама жұмыстар атқарылды. Атап айтқанда мектеп медбикелерінің ұйымдастыруымен 1-11 сынып оқушыларымен "Вирустық аурулардан қалай сақтануға болады?" және " Коронавирус 2019" тақырыбында онлайн сынып сағаттары өткізіліп, тәрбие сағатында вирустық аурулардан сақтану жолдары бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізіліп отырды. Білім алушылардың, педагогтардың басқа да қызметкерлердің денсаулығын сақтау мақсатында демеушілердің есебінен мектептің кіре берісіне санитарлық тунель, 22 – қол жуғыш, 22 – кварц, 26 – даязатор, 1-су құятын кулер, 4-тепловизор, оқушыларға 600 дана маска, 2000 дана бір реттік қолданылатын стакандар ұйымдастырылды. Сонымен қатар коронавирустық инфекция таралуының алдын алу мақсатында түзілген жоспарға сай жұмыстар күнделікті жүргізіліп отырды.

Мектепте оқу жылының басында оқушылардың әлеуметтік төлқұжаттары жасалынып әлеуметтік мәртебеге жататын отбасы балалары анықталды.

- 1. Жартылай жетім балалар саны – 23**
- 2. Әлеуметтік жетім балалар саны(әке-шешесі ажырасқан) – 21**
- 3. Көп балалы отбасы саны, ондағы бала саны – 45/116**
- 4. Аз қамтылған отбасы саны, ондағы бала саны – 26/59**

Сонымен қатар атаулы әлеуметтік көмек алатын **66** оқушыға республикалық бюджеттен бөлінген қаржы есебінен әр балаға 20000 теңге есепте барлығы 1320000 теңге қаржыға киімдер, оқу құрал жабдықтары, сумкамен қамтамасыз етілді.

Жаз мезгілінде мектебіміздің түлегі Кадиров Айтжан күнкөрісі төмен жанұядағы 20 оқушыны сумка және оқу құралдарымен қамтамасыз етті.

2020-2021 оқу жылында пандемияға қарсы күрес кезеңінде «Үшбастау» өндірістік кооперативінің мүшесі Жаппасбай Нұржігіт, ауылымыздың тумалары Нусеров Ерлан, Байдаулетова Айнұр, Құдайбергенова Ақерке, Көбеева Райхан, Үмбеталиева Райхан, Оспанов Ержан өздерінің оқушыларға деген қамқорлықтарын көрсетіп киім-кешек, пандемиядан қорғану үшін қажетті заттарды, оқу құралдарын алып берді.

Өткен оқу жылы барысында Аудандық білім бөлімі тарапынан 188504 теңгеге дезинфекциялық заттар антисептик, маска, тепловизор, шаруашылық заттар, спорттық заттар, бор алынды. Сонымен қатар жаз мезгілінде 553815 теңге қаржыға мектебімізде ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Мектебімізде жалпы 79 жоғары білімді мамандар қызмет атқарды. Оның ішінде:

Мектепке педагог қызметкерлерді жұмысқа қабылдау jumys.sitcen.kz бағдарламасы арқылы жүргізіледі. 2020-2021 оқу жылында осы бағдарлама арқылы 1 мұғалім, 2 лаборант конкурс арқылы жұмысқа қабылданды.

Сонымен қатар 1-10 сынып оқушыларын, МАД тобының тәрбиеленушілерін мектепке ата – аналардың өтініштерін e.gov және mektep.sitcen.kz порталы бойынша қабылдау жүйеге қойылған.

Келесі кезекте сөз алған мектеп директоры Е.Оспанов мектеп оқушыларының ҰБТ қорытындысына тоқталып өтті: атап айтқанда мектеп бітірген 37 оқушының 36-сы ҰБТ-ға қатысып орта балл 76,1 балл болып өткен жылдан 7,6 балл жоғары болғанын, оның ішінде Ақжол Бекарыс 134 балл, Махамбеталиев Ермахамбет 128 балл, Тұрманова Айнұр 117 балл жинағанын, мектеп бітірген оқушылардың 38 пайызы(14 оқушы) грант иегері болғанын айта келіп пәндер бойынша орта балл көрсеткішіне тоқталып өтті. Атап айтқанда:

2020-2021 оқу жылындағы 11-А,Ә сыныптары бойынша ҰБТ нәтижелері.

р/с	Жалпы оқушы саны	ҰБТ қатысқан оқушы саны	Мектеп бойынша орта балл	Грант иегері	Ақылы жоғары оқу орнына түскендер
1	37	36	76,1	14	16

2020-2021 оқу жылындағы ҰБТ- көрсеткіштері пәндер бойынша

р/с	Пәндер	орта балл	Өткен жылмен салыстырмалы өзгерісі	Тапсырған оқушы саны	Пән мұғлімі
1	Қазақстан тарихы	8,3	+0,1	30	
2	Математикалық сауаттылық	7,7	-3,6	30	
3	Оқу сауаттылығы	17,2	-0,2	30	
4	Биология	23	+2,7	8	
5	География	15,8	+1,6	6	
6	Химия	25,2	+2,2	5	
7	Физика	12,5	+0,5	9	
8	Математика	14,9	+4,1	10	
9	Қазақ тілі	15	+12	3	
10	Қазақ әдебиеті	19	+7	3	
11	Ағылшын тілі	24,5	+9,5	7	
12	Дүние жүзі тарихы	20	+7,5	8	
13	Адам және қоғам	16		1	
14	Орыс тілі	30		1	
15	Орыс әдебиеті	35		1	

болғандығын атап өтті.

2021-2022 оқу жылында оқу сабақтарын ұйымдастыру Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 25 тамыз 2021 жылғы №36 қаулысына сай ұйымдастырылады.(қаулыны таныстыру) Санитарлық-эпидемиологиялық жағдайға байланысты, короновирустық инфекцияның таралуына жол бермеу мақсатында мектепте оқыту форматы мектептің санитарлық-эпидемиологиялық жағдайына байланысты болады.

Маскалық режимнің орындалуы, дезинфекциялық құралдармен қамтамасыз етілуі, сынып бөлмелерінің кварцталуы және тағы басқа санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды қатаң сақтай отырып жүргізілуі қажет. Оқушылардың мектепке ену кезіндегі сақтық шараларын ұйымдастыру мақсатында санитарлық-гигиеналық постар, кабинеттерге СЭС талаптарына сай қажетті санитарлық гигиеналық заттар қойылуы тиіс.

«Pirls – бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын бағалау» халықаралық зерттеуге 2020-2021 оқу жылында мектебіміздің 4 сынып бітурушілері қатысады. (түсіндірме интернет)

1. Қабылданған қаулы:

1.1.2020-2021 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмыстарының ұйымдастырылу барысы «қанағаттанарлық» деп бағалансын.

1.2. 2020-2021 оқу жылындағы ҰБТ-ның оңды болған төмендегі көрсеткіштері атап көрсетілсін:

- Оқушылардың 97% ҰБТ тапсыруы;
 - Мектеп бітірген 37 оқушының 14-і (38%) грант иегері болуы;
- Жекелеген пәндер бойынша:
- Оқу сауаттылығынан- 17,2
 - Орыс тілі – 30
 - Орыс әдебиеті - 35
 - Ағылшын тілі -24,5
 - Химиядан-25,2
 - Биологиядан-23

1.3.Өткен оқу жылында аудандық олимпиададаға 13 оқушы қатыстырылып оның 5-і жүлдегер атанғаны;

- Халықаралық интеллектуалдық зияткерлік олимпиадасынан9-сыныптар арасында «IQanat» -республикалық олимпиадасының аудандық іріктеу турына 16 оқушы қатысып, 6 оқушы облыстық кезеңге жолдама алып, 6 оқушының екеуі жеңімпаз болғаны ;

- 8-ші сыныптар бойынша «IQanat» -республикалық олимпиадасының аудандық іріктеу турына қатысқан екі оқушының біреуі облыстық кезеңге жолдама алғаны;
- «Алтын ұрпақ» зияткерлік сайысына 2-11 сынып оқушылары қатысып оның ішінде 59 оқушы,«Бәйтерек» зияткерлік сайысына қатысқан оқушылардың 31-і жүлдегер атанғаны;
- Халықаралық «Русский медвежонок -2021» ойынына қатысқан 5 оқушы жүлдегер болып 1-орынға ие болғаны;
- «Ой-сана» республикалық зияткерлік олимпиадасына қатысқан 5-ші сынып оқушыларының 10-ы жүлдегер атанғаны атап өтілсін.

1.4. Соңғы жылдардағы білім сапасының төмендеуі ескертілсін;

1.5.2021 – 2022 оқу жылында оқу – тәрбие процесінің барысында педұжым алдына қойылатын басты мақсат – міндеттері төмендегіше болып белгіленсін:

- ҚР Конституциясының 30-бабы мен ҚР Білім туралы Заңының 49-бабы 2-тармағының талаптарын жүзеге асыруды ерекше назарда ұстау, мектепке бекітілген шағын аудандар бойынша 5 жасар балалардың мектепке дейінгі тәрбие және оқытумен қамтылуын, 6 – 18 жастағы балардың 100% мектепке тартылуын қамтамасыз ету.
- Тәрбие жұмысының барысында баланың тұлғалық ерекшеліктері мен адамшылық қасиеттерін дамытып, қалыптастырудағы ата – аналар жауапкершілігін арттыру, «Бестік одақ» ықпалын күшейту және ішкі істер бөлімі қызметкерлерімен тығыз байланыста оқушылар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу мен болдырмаудың тиімді жолдарын табу, қолдану, тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері 8 бағыт бойынша жүргізілсін.
- Мектептің материалдық – техникалық және оқу кабинеттерінің оқу – әдістемелік базасын жетілдіру, безендіру материалдарын жаңарту, бірыңғай үлгідегі ыдыстарға гүл өсіру, атаулы пән кабинеттерінің материалдық базасын күшейту.
- Әдістемелік кеңес (ӘК), әдістемелік бірлестіктер (ӘБ) мәжілістер сапалы жоспарға сай өткізу, хаттамаларын арнайы жолға жазу және ұсыныстардың орындалуын кезекті мәжілістерде қарай дағдысын қалыптастыру.
- Оқу жылының барысында «Озат тәжірибе мектептерінің» (ОТМ) жұмысын жолға қою, «Озат педагогикалық тәжірибелерді» (ОПТ) іздеп табу, зерделеп жинақтау мақсатында оқыту әдістерінің, жас мұғалімдер мектебі (ЖММ) арқылы жас педкадрларға практикалық көмек көрсету және жас мұғалімдер апталығын өткізуді дәстүрге енгізу.
- Мектепшілік пәндер олимпиадасын онкүндік ретінде өткізу, жеңімпаздар іріктелген оқушыларды жүйелі дайындау, дарынды оқушыларды ғылыми жобалар мен басқа да интеллектуалды сайыстарға міндетті түрде қатысуын қамтамасыз ету.
- Педкадрлардың өз лауазымдарымен пәндері бойынша педагогикалық – психологиялық білімдерін үнемі жетілдіруіне, оқушыға сеніммен қарап, қарым – қатынасын ізгілендіруге және олардың бойындағы жақсы қасиеттерді көре білуге ерекше назар аудару.
- Әлеуметтік қорғау мен қолдауды қажет ететін әр түрлі санаттардағы балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау және қорғаншылық – қамқоршылық жасау шараларын одан әрі жетілдіру.
- Мектеп әкімшілігі тарапынан ішкі бақылауды циклограммаға сәйкес сапалы жүргізу, бақылау нәтижелері бойынша коррекциялық жұмыстар ұйымдастыру және педкадрлардың жұмысын әр жарты жылдық бір рет диагностикалық карта бойынша балдық жүйемен бағалауды іске асыру.
- Сыныптан тыс жұмыстар орталығының әр жарты жылдықта бір рет қорытынды мәжілістерін өткізу, жұмысын бағалау одан әрі жетілдіру. Спорттық жарыстар мен басқа да отаулар бойынша өтетін іс – шаралар кестесін жасау кестеге сәйкес жыл бойы жүйелі жұмыс жүргізу, орталыққа тартылмаған бірде – бір оқушы қалмауына қол жеткізу.
- Оқушылардың тоқсан аралық және жазғы демалыстары кезінде сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыруды жақсарту, жетілдіру.
- ОЖСБ – ға, 11-сыныптарды ҰБТ-ға дайындық жұмыстары бойынша іс – тәжірибе алмасу, дайындаудың әдіс – тәсілдерін жетілдіру, ата – анамен, ЖОО-мен байланысты және білім сапасының жоғары көрсеткіштеріне жету мүмкіндіктерін іздестіру.
- АӘД пәнін оқытуды, «Әскери – далалық оқу жиындарының» жоғары деңгейде ұйымдастырылуына баса назар аудару.
- Жас өспірімдер арасында салауатты өмір салтын насихаттауға, қалыптастыруға, ҚР мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге ерекше көңіл бөлу.
- Отансүйгіштік пен азаматтыққа, ұлттық дәстүрлер мен жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде тәрбиелеуді басты назарда ұстау, жерлігікті тарихи өлкетану материалдарын оқу тәрбие процесінде кеңінен қолдану, мектеп мұражайының тұрақты жұмыс кестесі бойынша қызмет етуін жүзеге асыру.
- Мұғалімдердің, оқушылардың ақпараттық коммуникативтік құзіреттіліктерін арттыру.

- 2021 – 2022 оқу жылында педұжымның шығармашылық – педагогикалық өзекті мәселесі: «Оқу–тәрбие үдерісінде ақпараттық коммуникативтік технологияны пайдалану арқылы бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру» - деп белгіленсін.

2.Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша мектеп директоры Е.Оспанов хабарлама жасады. Ол, жаңа оқу жылының ерекшеліктері мен алдағы мақсаттарына жетуге арналып жасалған өндірістік жоспар жобасымен таныстырып өтті. 20 бөлімнен құрылған жоспардың әр бөлімін жүзеге асыру жолдары мен мақсаттары туралы тоқталып өтті. Сонымен қатар 1-10 және 11 сынып оқушылары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының ұсынған әдістемелік нұсқау хатында көрсетілген ерекшеліктерге сай оқытылатынын айтып өтті. Атап айтқанда:

жаңа оқу жылында 1-11 сынып оқушылары жаңартылған білім мазмұны бойынша, 2021-2022 оқу жылында білім беру процесінің нормативтік-құқықтық қамтамасыз етілуі туралы айта келіп оқу жүктемесіндегі вариативтік оқу жүктемесіндегі элективті курстар мен жеке және топтық жұмыстарға бөлінген сағаттардың жобасымен таныстырып өтті.

Үш тілде білім беру бойынша 2021-2022 оқу жылында информатика пәнінен 9-А сынып оқушыларын үш тілде оқытуды жүргізу туралы ұсыныс айтылды; Білім беру ұйымдарында көрсетілетін мемлекеттік қызметтер «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомствалық бағыныстылығына қарамастан, білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау; «Негізгі орта, жалпы орта білім беру туралы құжаттардың телнұсқаларын беру; «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттарды қабылдау; «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну; «Мемлекеттік білім беру мекемелеріндегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерьлерде демалу үшін құжаттар қабылдау және жолдама беру сапасын өз жәрежеде жүргізілуіне қол жеткізу мақсатында жауапты мамандарды бекітуге ұсыныс жасады.

Келесі кезекте әдеуметтік педагог Ж.Арибжанова . ҚР Білім туралы заңының 6-шы бабының 3-ші тармақшасына сәйкес 1% -дық қор есебінен бөлінетін қаржы есебінен қорғалған және күнкөрісі төмен отбасылардан шыққан мектеп оқушыларын мектеп асханасынан бір мезгіл ыстық тамақпен қамтамасыз етілуі қажеттілігін атап, олардың тізімін бекітуге ұсынды.

Келесі кезекте сөз алған ДОЖБО С.Нуржанов 2021-2022 оқу жылына арналып жасалған оқу жоспарын таныстырып өтті. Ол Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының ұсынған әдістемелік нұсқау хатында көрсетілген ерекшеліктер негізге алынып жасалған оқу жоспарының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бекіткен стандарттарына сай жасалғанын айта келіп, жоспарды бекітуді ұсынды. Сонымен қатар оқу жоспарына сай сабақ жүргізетін мұғалімдерге бөлінген сағат жүктемесімен таныстыра келе мұғалімдердің сағат жүктемесін бекітуді ұсынды.

2. Қабылданған қаулы:

2.1. Мектептің жаңа 2021-2022 оқу жылына арналған жылдық өндірістік жоспардың ұсынылған жобасы мақұлданып бекітілсін.

2.2. 2021-2022 оқу жылына арналған жылдық өндірістік жоспары оқу-тәрбие процесінің барысында басшылыққа алынып, оның жүзеге асырылуы қамтамасыз етілсін.

2.3 Мектептің жаңа 2021-2022 оқу жылына арналған жылдық оқу жоспары бекітілсін.

2.4. Жаңа оқу жылында оқыту үдерісі

1) мектепалды даярлық сыныптары/топтарында және 1-4-сыныптарда білім беру процесі:

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы

31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;

- ҚР БҒМ 2012 жылғы 12 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (2018 жылғы 10 қазандағы № 556 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

- ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2021 жылғы 20 тамыздағы № 415 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары («Өзін-өзі тану» пәні бойынша 2016 жылғы 8 сәуірдегі № 266 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2018 жылғы 10 мамырдағы № 199 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары («Ақпараттық-коммуникациялық технология» пәні бойынша 2018 жылғы 17 қазандағы № 576 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары;

2) 5-11-сыныптарда білім беру процесі:

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2021 жылғы 20 тамыздағы № 415 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2017 жылғы 25 қазандағы № 545 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2019 жылғы 7 наурыздағы № 105 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2014 жылғы 15 шілдедегі № 281 бұйрықпен «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәні бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 наурыздағы № 125 бұйрығымен бекітілген ерекше білім берудің үлгілік оқу жоспары;
- «Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, құралдардың және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштерілерінің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 17 мамырдағы № 217 бұйрығымен бекітілген оқу басылымдарына сай жүргізіледі.

2.5. Оқу жоспарының вариативті компонент бөлігі төмендегі пәндерге бөлінсін:

сыныбы	Жаһандық құзыреттілік	Элективті курстар	ескерту
1-А,Ә,Б			
2-А,Ә,Б		Қызықты математика	
3-В			
3-А,Ә,Б		Қызықты математика	
4-А,Ә		Қызықты математика	
5-А,Ә,Б	Жаһандық құзыреттілік	Математика	
6-А,Ә,Б	Жаһандық құзыреттілік	Математика	
7-А,Ә,Б	Жаһандық құзыреттілік	физика	
8-А,Ә	Жаһандық құзыреттілік	физика	
8-Б	Глобальная компетенция		
9-А,Ә	дінтану	физика	
9-Б	дінтану	информатика	Үш тілділік
10-А	Кәсіпкерлік бизнес негіздері	АӘД, физика, биология	Жаратылыс тану-математикалық бағыт
10-Ә	Кәсіпкерлік бизнес негіздері	Қазақстан тарихы, математика, география, Химия, биология, физика	Қоғамдық-гуманитарлық бағыт
11	Кәсіпкерлік бизнес негіздері	Химия, биология, физика	Жаратылыс тану-математикалық бағыт

- 1.1. Үш тілде білім беру бойынша информатика пәнінен 9-А сынып оқушыларын үш тілде оқыту жұмыстары жүргізілсін.
- 1.2. Білім алуда ерекше қажеттіліктерге ие балаларға түзеу дамыту көмегін көрсету мақсатында мектеп жанынан логопедиялық пункт жұмысын жалғастырсын.

1.3. Білім алуда ерекше қажеттіліктерге ие, ОПМПК кеңесінің тексерісінен өткен төмендегі сынып оқушылары, мектеп жанынан ашылған балаларға түзеу дамыту көмегін көрсету логопедиялық пунктіне тартылсын.

Р/с	Оқушының аты-жөні	Сыныбы	Туған күні, айы, жылы	Диагнозы
1	Мұрат Нұрали Бағдатұлы	1 «в» сынып	21.08.2014ж	Дислалия
2	Абсемет Риана Рысбекқызы	1 «б» сынып	02.09.2013ж	Ротацизм
3	Арапбай Аружан Бақтиярқызы	3 «б» сынып	19.12.2013ж	
4	Құттыбай Рамазан Исламбекұлы	МАД «Ә»	10.07.2015ж	Дислалия
5	Дайрабаева Аяулым	МАД «А»	22.02.2015ж	ОНР III-уровень
6	Ержан Ерсайын Бақкелдіұлы	4 «б» сынып	24.04.2014ж	Сложная дислалия
7	Шалқарова Еркежан Сабитовна	3 «б» сынып	29.12.2014ж	
8	Ержан Алинұр Бақкелдіұлы	1 «ә» сынып	27.11.2015ж	Сложная дислалия
9	Мақсұт Айида Муратқызы	4 «б» сынып	14.09.2012ж	ОНР III-уровень. Дислалия
10	Мамытбек Сырым Сериқұлы	1 «б» сынып	27.03.2014ж	Дислалия
11	Нұржігітқызы Аяжан	4 «а» сынып	18.11.2014ж	Сложная дислалия
12	Оразбек Еркебұлан Қанатбекұлы	3 «а» сынып	29.05.2010ж	Ротацизм
13	Нұртаза Ақжайна Амангелдіқызы	3 «а» сынып	03.12.2013ж	Дислалия
14	Абсемет Жанерке Рысбекқызы	6 «ә» сынып	08.04.2011ж	Сложная дислалия

2.9. Логопедиялық пункт жұмысының жүргізілуін үйлестіру дефектолог маман Жұман Айгүлге жүктелсін.

2.10. Ерекше қажеттіліктерге ие балаларды анықтау, ОПМПК кеңесінің тексерісінен өткізу жұмыстарын үйлестіру А.Жұманға жүктелсін.

2.11. Мектеп жанынан ашылған логопедиялық пункт жұмысының, ерекше қажеттіліктерге ие балалармен жүргізілетін жұмыстардың өз дәрежесінде жүргізілуіне бақылау мен басшылық жасау мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Г.Мұздыбаеваға жүктелсін.

2.12. Білім алуда ерекше қажеттіліктерге ие, ОПМПК кеңесінің тексерісінен өткен оқушылар мектеп жанынан ашылған балаларға түзеу дамыту көмегін көрсету логопедиялық пунктіне тартылсын.

2.13. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге жауапты болып төменде аты аталған мамандар бекітілсін:

р/с	Көрсетілетін қызметтің атауы	Жауапты маман	қызметі
1	«Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомствалық бағыныстылығына қарамастан, білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау	Нуржанов С.	Мектеп директорының оқу ісі бойынша орынбасары
		Бейсенбаева Г.	Іс жүргізуші
2	«Негізгі орта, жалпы орта білім беру туралы құжаттардың телнұсқаларын беру	Нуржанов С.	Мектеп директорының оқу ісі

			бойынша орынбасары
3	«Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттарды қабылдау	Мұздыбаева Г.	Мектеп директорының оқу ісі бойынша орынбасары
		Бойтанова Қ.	Қосымша білім беру педагогы
4	«Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну	Байшанова Ш.	Мектеп директорының тәрбие ісі бойынша орынбасары
		Ж..	Әлеуметтік педагог
5	«Мемлекеттік білім беру мекемелеріндегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерьлерде демалу үшін құжаттар қабылдау және жолдама беру»	Нарбаева Қ.	Мектеп директорының тәрбие ісі бойынша орынбасары
		Арибжанова Ж.	Әлеуметтік педагог

2.14. 2020-2021 оқу жылына арналып жасалған оқу жоспары бекітілсін.

2.15. ҚР Білім туралы заңының 6-шы бабының 3-ші тармақшасына сәйкес 1% -дық қор есебінен бөлінетін қаржы есебінен қорғалған және күнкөрісі төмен отбасылардан шыққан төмендегі мектеп оқушылары мектеп асханасынан бір мезгіл ыстық тамақпен қамтамасыз етілсін:

р/с	Оқушының аты-жөні	сыныбы	Әлеуметтік жағдайы
1	Ахмет Алтынай	1-А	Аз қамтамасыз етілген отбасы
2	Дайрабаева Аяулым	1-А	Аз қамтамасыз етілген отбасы
3	Мұхтар Саят	1-Ә	Көп балалы отбасы
4	Шахтыбай Нұрахмет	1-Ә	Жартылай жетім
5	Нарымет Айзере	1-Ә	Патронат тәрбиеде
6	Ережеп Айзере	1-Ә	Аз қамтамасыз етілген отбасы
7	Аманжол Аян	2-А	Көп балалы отбасы
8	Абсемет Риана	2-Ә	Жартылай жетім
9	Сәдуахас Еркежан	2-Ә	Аз қамтамасыз етілген отбасы
10	Қалдыбай Аян	2-Ә	Аз қамтамасыз етілген отбасы
11	Абдрахман Аңсаған	2-Б	Аз қамтамасыз етілген отбасы
12	Күмісбек Ләйлә	2-Б	Аз қамтамасыз етілген отбасы
13	Өріпбай Кәусар	3-А	Аз қамтамасыз етілген отбасы
14	Талап Балауса	3-А	Көп балалы отбасы
15	Бауыржан Мейіржан	3-А	Аз қамтамасыз етілген отбасы
16	Сайлаубек Нұрғазы	3-А	Жартылай жетім
17	Мақсұт Аийда	3-Ә	Көп балалы отбасы
18	Қалмаханова Нұрали	3-Ә	Аз қамтамасыз етілген отбасы
19	Ахмет Асхат	3-Б	Аз қамтамасыз етілген отбасы
20	Шералы Аяна	3-Б	Аз қамтамасыз етілген отбасы
21	Саден Гүлсезім	3-В	Жартылай жетім
22	Конусбек Болатбек	4-А	Жартылай жетім
23	Орынбасар Саят	4-А	Аз қамтамасыз етілген отбасы
24	Озат Нұрислам	4-А	Көп балалы отбасы

25	Қарсиева Жұмақыз	4-Ә	Аз қамтамасыз етілген отбасы
26	Оразалы Нұрдаулет	4-Ә	Көп балалы отбасы
27	Ерген Нұрислам	5-Ә	Аз қамтамасыз етілген отбасы
28	Қарсыбаева Айкөркем	5-Ә	Жартылай жетім

2.16. Оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету уақыты төмендегі кесте бойынша бекітілсін:

Ауысым	Тамақ ішетін уақыты	Тамақ ішетін сыныптар
1-ауысым	10 ⁰⁵ – 10 ²⁰	1-А, 1-Ә, 1-Б, 4-А, 4-Ә, 5-А, 5-Ә
2-ауысым	15 ³⁵ – 15 ⁵⁰	2-А, 2-Ә, 2-Б, 3-А, 3-Ә, 3-Б, 3-В

2.17. Оқушылардың сапалы ыстық тамақпен қамтамасыз ету жұмыстарын үйлестіру әлеуметтік педагог Ж.Жиренбаеваға жүктелсін.

2.18. Осы қаулының орындалуына бақылау мен басшылық жасау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ш. Байшановаға жүктелсін.

2.19. 2021-2022 оқу жылында мұғалімдердің төмендегі сағат жүктемесі бекітілсін:

р/с	Мұғалімнің аты-жөні	Сағат саны	р/с	Мұғалімнің аты-жөні	Сағат саны
1	Жиренбаева Жанна әлеум пед	5 1 шт.	39	Кобеева Райхан	17
2	Абуова Айнура Сапаровна	21	40	Қуанышбек Берік	18
3	Амангелдиев Самат	18	41	Қуатова Айгүл	17
4	Жарылқадиева Айдана	8	42	Қудайбергенова Акерке	20
5	Арибжанова Жұлдыз әлеум пед	8 1 шт.	43	Оспанов Ералы директор	8 1 шт.
6	Арынова Жұлдызай	18	44	Мейрбекова Лаззат	17
7	Нұрсали Жанар	16	45	Мырзақұлова Күнсұлу	18
8	Айтбаева Айгерім	16	46	Таскуов Бақдаулет	12
9	Абдиханова Ботакоз	17	47	Мырзахмедова Рабига	21
10	Бойтанова Қалдықұл қос.біл	8 1 шт.	48	Мырзахметова Гулнур психолог	6 1 шт.
11	Байшанова Айгерім	18	49	Нарбаева Калима орынбасар	8 1 шт.
12	Байшанова Шолпан орынбасар	8 1 шт.	50	Нуржанов Сапарғали орынбасар	8 1 шт.
13	Байшымырова Меруерт	17	51	Нурманкулова Улжалғас	23
14	Исабекова Насида	16	52	Омарова Назгүл	22
15	Бахтыбаева Ұлжан	17	53	Омартай Гулзабира	20
16	Бейсенбаева Камила	декрет	54	Орынбаева Жазира	17
17	Бекназаров Максат	21	55	Иманбердиева Айжан	16
18	Бектемисов Ербол	18	56	Қаратай Жарқынбек	20
19	Биходжаев Қуат	18	57	Пазылова Сандугаш	17
20	Абдукаликова Балнур	20	58	Шертимова Гүльмейрам	22
21	Борханова Улбосын	24	59	Пернебаева Назым	17
22	Дос Қулаш	23	60	Раева Айгул	20
23	Ералиева Нағима	10	61	Сабитова Ақмарал	21
24	Муздыбаева Гулзира орынбасар	8 1 шт.	62	Сарсенова Гаухар	17
25	Қараш Жұмагүл	23	63	Сатынбекова Гаухар	24
26	Ергебеков Ерболат	20	64	Сатышова Жанерке	16
27	Жанбиров Баян	18	65	Сисенғалиева Луара	23

28	Жорабекова Салтанат	9	66	Турманов Бауржан	19
29	Жуманова Жанат	20	67	Тагаев Жандарбек	18
30	Жұман Айгүл дефектолог	6 1 шт.	68	Таубаева Салтанат	18
31	Жұпарбек Ақтолқын	21	69	Таукеев Марат АЭД	5
32	Идрисова Перизат	17	70	Тулбаева Райхан	17
33	Келдибекова Улжан	21	71	Турганова Эльмира	18
34	Иманбекова Дүйсенкүл	16	72	Умбеталиева Райхан	17
35	Иманова Айнагул	20			
36	Исакулова Гулсара	18			
37	Казыбаев Сергазы	18			
38	Калшабеков Бакиртай	20			

Кенес төрағасы:

Е.Оспанов

Хатшысы:

Г.Мырзахметова

«Қ.Әбдәлиев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

Хаттама № 02

Рабат ауылы

05.11.2021ж.

Педагогикалық кеңес мәжілісі

Төрағасы – Е.Оспанов

Хатшысы – Г.Мырзахмедова

Қатысқандар – 63 адам

Күн тәртібінде:

1. 2021-2022 оқу жылының 1 тоқсанындағы оқу-тәрбие жұмыстарының қорытындылары және оқушылардың қауіпсіздігі туралы.
2. 2021-2022 оқу жылындағы аймақтық пәндер олимпиадасының нәтижелеріне талдау туралы.
3. 2021-2022 оқу жылындағы 1-тоқсан бойынша kundelik.kz журналының жүргізілу барысы туралы.

1.Тындалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директорының оқу ісі бойынша орынбасары С.Нуржанов хабарлама жасады. Ол өткен тоқсандағы оқушылардың қозғалысына, білім сапасына тоқталып өтті. Атап айтқанда: оқу жылының басында 628 оқушымен бастап, тоқсан барысында 9 оқушы кетіп, 3 оқушы келгенін, тоқсан соңындағы оқушы саны 622 оқушы болғанын, оның 311 қыз, 311 ұл екенін, сонымен қатар, 1-4 сыныптарда 233 оқушы болса, оның 117 қыз, ұлы- 116, 5-9 сыныптарда оқушы саны 325 болса, оның 163 қыз, ұлы- 162, 10-11 сыныптарда оқушы саны 64 болса, оның 31 қыз, 33 ұл екенін атап өтті.

Сонымен қатар, 2020-2021 оқу жылындағы I тоқсанды және жылдықтың қорытынды бағаларымен 2021-2022 оқу жылындағы I тоқсанмен салыстыра отырып талдау жасады. Атап айтқанда:

№	мұғалімдер аты-жөні	2020-2021 о.ж I тоқсан	2020-2021 оқу жылы жылдық	2021-2022 о.ж I тоқсан
1	2-А Жанбирова .Б			57,1
2	2-ӘИсакулова.Г			55
3	2-Б Турганова .Э			45
4	3-А Қуатова А	52,4	70	61,9
5	3-Ә Сәрсенова Г	66,7	70	55
6	3-Б Түлебаева Р	63,6	60	45
7	3-В Абдиханова Б	78,6	69,2	75
8	4- А Пернебаева .Н	48,1	76,9	47,8
9	4 –Ә Мейрбекова .Л	66,7	76,9	57,7
10	5-А Омартай Г	50	43,4	38,1
11	5–Ә Жуманова .Ж	53,8	65,8	51,9
12	5–БАбдукаликова Б	47,8	50	32
13	6-А Омарова Н	77,3	70	43,5

14	6-Ә Шертимова Г	40	65	42,1
15	6-Б Келдібекова Ұ	20	35	23,8
16	7-А Тағаев Ж	52,4	65	55
17	7-Ә Жұпарбек А	55	60	45
18	7-Б Нұрманкулова Ұ	40	36,8	50
19	8-А Абуова А	38,5	42,31	29,6
20	8-Ә Құдайбергенова А	22,2	33,3	14,8
21	8-Б Сабитова А	50	80	60
22	9-А Таубаева С	52,4	55	40
23	9-Ә Арынова Ж	51,9	48,15	15,8
24	9-Б Дос.К	23,8	23,5	23,8
25	10-А Бекназаров М	54,5	50	43,5
26	10-Ә Тұрманов Б	47,6	47,6	52,6
27	11 Орынбаева Ж	47,6	33,3	31,8
	мектеп бойынша	49,1	52,5	42,8

Екендігін салыстыра келе білім сапасының елеулі төмендегенін атап айтқанда: мектеп бойынша білім сапасы 6,3 пайызға төмендеген. Сыныптар бойынша 3-Ә (сын.жет. Сәрсенова Г.), 3-Б (сын. жет. Тулебаева Р.), 4-Ә (Сын.жет. Мейірбекова Л.), 5-А (Сын. жет. Омартай Г.), 5-Б (сын.жет.Абдукаликова Б.), 6-А (сын.жет. Омарова Н.), 7-Ә (сын.жет. Жұпарбек А.), 8-А (сын.жет. Абуова А.), 8-Ә (сын.жет. Құдайбергенова А.), 9-А (сын.жет. Таубаева С.), 9-Ә (сын.жет. Арынова Ж.), 10-А (сын.жет. Бекназаров М.), 11 (сын.жет. Орынбаева Ж.) сыныптарында білім сапасы қатты төмендегенін, ал өткен жылғы 1-ші тоқсанмен салыстырғанда 3-А (сын.жет. Қуатова А.), 6-Б (сын.жет. Келдібекова Ұ.), 7-А (сын.жет. Тағаев Ж.), 7-Б (сын.жет. Нұрманқұлова Ұ.), 6-Ә (сын.жет. Шертимова Г.), 8-Б (сын.жет. Сабитова А.), 10-Ә (сын.жет. Тұрманов Б.) сыныптарында біршама білім сапасының өсу деңгейі байқалатынын атай келе, білім сапасының төмендеуіне септігін тигізуі мүмкін себептер мен салдарларына тоқталып өтті.

Келесі кезекте сөз алған мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Байшанова Шолпан 1-ші тоқсан барысында тәрбие саласында атқарылған жұмыстарға тоқтала келе, Тәрбие жұмыстары ҚР Білім және ғылым министрлігінің №277 бұйрығына сәйкес «Үздіксіз білім берудің тәрбие тұжырымдамасы» негізіне сүйене отырып сегіз бағыт бойынша жұмыс атқарады. Тәрбие жұмысы оқушыларды адамшылық пен имандылыққа, отансүйгіштікке, азаматтыққа, рухани өнегелікке баулу арқылы дұрыс өмір сүре білуді түсінген және жан-жақты дамыған, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыруды көздей отырып жүргізіліп келеді. Тәрбие беру үдерісінің тиімділігін қамтамасыз ету үшін мектепте мынадай заңнамалық және нормативтік құқықтық актілер

- Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы;
- Қазақстан Республикасының «Балал Құқы туралы» Заңы;

